КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 13 желтоқсан №5265-23-00-2/2946 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Л.Н.Калдиева,
сот отырысының хатшысы Ж.Аманованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Миянов Саид-Мухтар Абжаппарович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2.тұрақсыздық төлемін өндіру туралы.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Б.Махан,
жауапкер Миянов С.,
прокурор Азимбаева Ж.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшымен баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы электронды конкурс өткізіліп, 26 маусым 2023 жылғы

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 18.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2024, судья Калдиева Л. Н., 23.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

№10231780-ЗЦП1 қорытынды хаттамасының негізінде жауапкер жеке кәсіпкер Миянов Саид-Мухтар Абжаппарович жеңімпаз деп танылған.

03 шілде 2023 жылы тараптар арасында №219 санды Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарты түзілген.

Келісім-шарттың 1-қосымшасына сай жауапкер Шарттың күшіне енген күннен бастап 20 күн ішінде, яғни 23 шілде 2023 жылға дейін жұмыстарды толық орындап тапсыруға міндеттенген.

Алайда, жауапкермен міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 8 793 тенге тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігін қанағаттандыруды, ал тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талабын қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкер талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою ішінара қанағаттандыруға жататындығы жөнінде қортынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағына 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272 бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Заңының 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

03 шілде 2023 жылы тараптар арасында түзілген мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты бойынша жауапкер жалпы сомасы 977 000 тенге

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 18.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2024, судья Калдиева Л. Н., 23.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

құрайтын жұмыстарын 2023 жылдың 24 шілдесіне дейін орындауға міндеттенген.

Сотта анықталғандай, жауапкер келісім-шартты орындамаған. жұмыстарды шартпен белгіленген мерзімде орындамаған.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау; осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Жауапкердің іс әрекеті жоғарыда аталған қағидаттарға сай, сондықтан оның келтірген уәждерін сот негізсіз деп табады.

Істің мұндай тұрғысында сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартта көзделген жұмысты орындаудан бас тартқан деген қорытындыға келді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293 бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Келісім-шарттың 7.3 тармағына сәйкес, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайыз мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыбы 2023 жылдың 23 шілде мен 01 тамыз аралығына 8 793 теңгені құрайды.

Жауапкер онымен келісіп, тұрақсыздық төлемі мен баж салығын, жалпы 9 057 тенгені 12 желтоқсан 2023 жылы төлем тапсырасымен төлеген.

Сондықтан талап қоюшының тұрақсыздықты және мемлекеттік баж салығын өндіру жөніндегі талабын сот қанағаттандырудан бас тартуды дұрыс деп табады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 18.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2024, судья Калдиева Л. Н., 23.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның жауапкер жеке кәсіпкер Миянов Саид-Мухтар Абжаппарович мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық төлемін өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Әлеуетті өнім беруші жеке кәсіпкер Миянов Саид-Мухтар Абжаппарович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюдың қалған бөлігін қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Л.Н.Калдиева**

Құжатқа қол қойылған: Калдиева Л. Н., 18.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.01.2024, судья Калдиева Л. Н., 23.01.2024

5265-23-3-6/309